

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

Абаева Құралай Русланқызы

«IoT негізіндегі азық-түлік сапасын қашықтықтан бақылау және басқару
жүйесі»

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B06201 «Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және акпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Е.Таштай

«20» 05 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «IoT негізіндегі азық-түлік сапасын қашықтықтан бақылау және
басқару жүйесі»

6B06201 «Телекоммуникация» білім беру бағдарламасы

Орындаған:



Абаева Қ.Р.

Пікір беруші

М.Тынышбаев атындағы АЛТ
университеті, PhD, «АКТ»
кафедрасының ассистент
профессоры

Мәдібайұлы Ж.

«20» 05 2025 ж.

Ғылыми жетекші

ҚазҰТЗУ, т.ғ.м., Электроника,
телекоммуникация және ғарыштық
технологиялар кафедрасының
аға оқытушысы

Марксұлы С.

«20» 05 2025 ж.

Алматы 2025 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Автоматика және ақпараттық технологиялар институты

Электроника, телекоммуникация және ғарыштық технологиялар кафедрасы

6B06201 Телекоммуникация

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Е. Таштай

« 31 » 01 2025 ж.

**Дипломдық жұмысырындауға
ТАПСЫРМА**

Білімалушы *Абаева Құралай Русланқызы*

Тақырыбы *«IoT негізіндегі азық-түлік сапасын қашықтықтан бақылау және басқару жүйесі»*

Университет ректорының «29» қаңтар 2025 ж. №26 П/Ө бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «30» сәуір 2025 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: 1) Аппараттық негіз: NodeMCU контроллері. 2) Температура және ылғалдылық датчигі (DHT11). 3) Датчиктерден алынған мәліметтерді сақтау дерекқоры. 4) Желіге қосылу: Wi-Fi немесе Ethernet арқылы. 5) Қуат көзі: 5В адаптері NodeMCU контроллері үшін.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі: а) Азық-түлік өнімдерін бақылаудың заманауи жүйелеріне шолу және талдау жасау. б) NodeMCU негізінде автоматтандырылған бақылау жүйесінің аппараттық және бағдарламалық бөлігін әзірлеу. в) Өнімдердің нақты уақыт мезетіндегі параметрлерін талдау. г) Жүйенің деректерін визуализациялау және пайдаланушыға ыңғайлы интерфейс әзірлеу. д) Жүйені сынақтан өткізу және тиімділігін бағалау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 1) Monk, S. (2022). *Programming the Raspberry Pi: Getting Started with Python*. McGraw-Hill Education. ISBN: 978-1264257352. 2) Виллен М. "IoT-программирование. Создание приложений для интернета вещей." ISBN: 978-5-4461-1477-6. 3) Петин В. "Arduino и Raspberry Pi в проектах Internet of Things. 2-е изд." 4) Говорун Е. "Интернет вещей: основы и применение." ISBN: 978-5-496-03092-9.

дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, карастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге және кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	04.01.2025 - 01.02.2025	<i>орындау</i>
Теориялық ақпарат	01.02.2025 - 01.03.2025	<i>орындау</i>
Жабдықтар жұмысының есебі және жұмысты рәсімдеу	01.03.2025-30.05.2025	<i>орындау</i>

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа(жобаға) қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (аты, әкесінің аты, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Диплом жұмысының тақырыбын талдау	Марксұлы С. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м.	13.03.2025	<i>[Signature]</i>
Теориялық ақпарат	Марксұлы С. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, т.ғ.м.	29.04.2025	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	Досбаев Ж.М. ЭТЖҒТ каф.аға оқытушысы, PhD	19.05.2025	<i>[Signature]</i>

Ғылыми жетекшісі

Тапсырманы орындауға алған білімалушы

Марксұлы С.

Абаева Қ.Р.

Күні «02» ақпан 2025 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста азық-түлік өнімдерінің сапасын нақты уақыт режимінде қашықтан бақылау мен басқаруға арналған IoT (Internet of Things) технологиясына негізделген жүйе ұсынылады. Жүйеде температура, ылғалдылық және газ деңгейі сияқты маңызды параметрлерді бақылау үшін DHT11 және MQ4 сенсорлары, сондай-ақ деректерді Telegram қосымшасы арқылы жіберетін NodeMCU ESP8266 микроконтроллері қолданылады. Жиналған деректердің негізінде жүйе автоматты түрде желдеткішті қосып, сақтау ортасын оңтайландырады. MATLAB ортасында модельдеу мен визуализация жүргізіліп, жүйенің тиімділігі мен сенімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденді. Ұсынылған шешім азық-түлік өнімдерінің сапасын арттырып, бұзылу мен қалдықтарды азайтуға мүмкіндік береді.

АННОТАЦИЯ

В данной выпускной работе представлена система удаленного мониторинга и управления качеством пищевых продуктов в реальном времени, основанная на технологии Интернета вещей (IoT). Система использует датчики DHT11 и MQ4 для контроля таких параметров, как температура, влажность и уровень газа, а также микроконтроллер NodeMCU ESP8266, передающий данные через приложение Telegram. На основе собранных данных система автоматически активирует вентилятор для стабилизации условий хранения. В среде MATLAB проведено моделирование и визуализация, подтверждающие эффективность и надежность системы. Предложенное решение повышает качество продуктов питания, снижает вероятность их порчи и уменьшает пищевые отходы.

ABSTRACT

This thesis presents a real-time remote food quality monitoring and control system based on Internet of Things (IoT) technology. The system employs DHT11 and MQ4 sensors to monitor key parameters such as temperature, humidity, and gas levels, integrated with a NodeMCU ESP8266 microcontroller that transmits data via the Telegram application. Based on the collected data, the system can automatically activate a ventilation unit to optimize the storage environment. Modeling and visualization were carried out using MATLAB, confirming the system's efficiency and reliability. The proposed solution enhances food quality, reduces spoilage risks, and minimizes waste throughout the supply chain.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 IoT технологиясының негіздеріне шолу	8
1.1 IoT түсінігі және оның даму тарихына шолу	8
1.2 IoT архитектурасы мен негізгі компоненттерін талдау	10
1.3 IoT технологияларының өнеркәсіптік және тұрмыстық салаларда қолданылуы	12
1.4 IoT-тың азық-түлік сапасын бақылаудағы рөлі	16
2 Азық-түлік өнімдерінің сапасын қашықтықтан бақылауды жобалау және оның аппараттық-құрамдас бөліктерін талдау	22
2.1 IoT технологиясының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі	22
2.2 Жүйенің аппараттық және бағдарламалық архитектурасы	23
2.3 Жүйені біріктіру, тестілеу және Telegram арқылы басқару	30
2.4 Жобаланған жүйенің негізгі параметрлерін есептеу	31
3 Жүйені іске асыру және алынған деректерді өңдеу	34
3.1 Жүйені біріктіру	34
3.2 Жүйені енгізу және сынақтан өткізу	34
3.3 Жүйені тестілеу	35
3.4 Деректерді өңдеу және визуализациялау	38
Қорытынды	42
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	44

КІРІСПЕ

Қазіргі заманда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы әртүрлі салаларда, соның ішінде ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі саласында жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Әсіресе, «Интернет заттары» (Internet of Things, IoT) технологиясы нақты уақыт режимінде бақылау және автоматтандыру жүйелерін енгізу арқылы өнім сапасын сақтауға, қауіптерді алдын ала анықтауға және экономикалық шығындарды азайтуға ықпал етіп отыр.

Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі – адам денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Температура, ылғалдылық және газ құрамының көрсеткіштері өнімнің жарамдылық мерзіміне және сапасына тікелей ықпал етеді. Дәстүрлі бақылау әдістері нақты уақыттағы мониторингті қамтамасыз ете алмайды, ал IoT технологиялары осы мәселенің тиімді шешімі ретінде қарастырылады.

Жұмыстың өзектілігі – азық-түлік өнімдерінің сапасын сақтау мәселесін заманауи IoT технологиялары арқылы оңтайлы және тиімді шешу, өнімнің бұзылуы мен тағам қалдықтарының көбеюінің алдын алу. Бұл бағыт қазіргі таңда өнеркәсіп пен логистикада ғана емес, қарапайым тұрмыстық жағдайда да маңызды рөл атқарады.

Жұмыстың мақсаты – IoT технологиялары негізінде азық-түлік сақтау жағдайларын нақты уақытта қашықтықтан бақылауға және басқаруға арналған жүйе құру, оны тәжірибе жүзінде іске асырып, тиімділігін бағалау.

Жұмыстың міндеттері:

- 1 IoT технологиясының теориялық негіздерін зерттеу;
- 2 Температура, ылғалдылық және газ деңгейін бақылайтын сенсорларды таңдау және талдау;
- 3 NodeMCU контроллері мен DHT11, MQ4 сенсорларын пайдалана отырып аппараттық жүйе құрастыру;
- 4 Telegram қосымшасы арқылы деректерді қашықтықтан бақылауды енгізу;
- 5 Жүйенің функционалдығын тестілеу және алынған нәтижелерді MATLAB ортасында визуализациялау;
- 6 Жүйенің тиімділігі мен қолдану ыңғайлылығын бағалау.

Ұсынылып отырған дипломдық жұмыс теория мен тәжірибені ұштастырып, нақты мәселеге IoT негізінде инновациялық шешім ұсынуға бағытталған.

1 IoT технологиясының негіздеріне шолу

1.1 IoT түсінігі және оның даму тарихына шолу

IoT (Internet of Things) – бұл тұрмыстық техника, автокөліктер, датчиктер және бағдарламалық жасақтама сияқты физикалық құрылғылардың интернет арқылы бір-бірімен деректер алмасу мүмкіндігін білдіретін тұжырымдама. Интернет заттары (IoT) – қазіргі заманның ең сұранысқа ие технологияларының бірі, ол адамның өмір салтымен тығыз байланысты. Бұл технология машинааралық байланысқа (M2M), бұлтты есептеулерге және деректерді жинайтын датчиктер желісіне негізделген. IoT-тың негізгі мақсаты – күнделікті қолданылатын кез келген затты «ақылды» ету, мысалы, шамдардан бастап теміржол станцияларына дейін. Көп жағдайда IoT туралы айтқанда, машинааралық байланыс (M2M) еске түседі, бірақ бұл бүкіл жүйенің тек бір бөлігі ғана. IoT-тың басты элементі – бұлтты технологиялар, өйткені дәл осы арқылы құрылғылар кез келген уақытта және кез келген жерде деректерге қол жеткізе алады. Деректерді беру мен өңдеу процестері сенсорлар арқылы жүзеге асады.

IoT – бұл құрамында электроникасы бар физикалық нысандарды өзара және қоршаған ортамен байланыстыру арқылы бір жүйеге біріктіру. Болашақта, тіпті қазірдің өзінде бұл технология медицина, энергетика, ақылды қалалар мен үйлер, ауыл шаруашылығы және басқа да көптеген салаларға айтарлықтай әсер етуде.

IoT – бұл уникалды идентификаторлары бар және адам араласуынсыз деректерді жіберу мүмкіндігіне ие өзара байланысты объектілердің, есептеуіш құрылғылардың, машиналар мен адамдардың жүйесі.

Кейт Д. 2022 жылы жазылған «Интернет заттарының қысқаша тарихы» атты мақаласы аясында IoT технологиясының даму тарихына шолу жасайық. Қарапайым тілмен айтқанда, Интернет заттары (IoT) – бұл интернетке қосылған, қосып-өшіру тетігі бар кез келген құрылғы. IoT – құрылғылардың интернет арқылы бір-бірімен мәлімет алмасуы, және бұл түсінік салыстырмалы түрде жаңа түсінік болып табылады.

Алғашқы тікелей құрылғылық байланыс телеграф арқылы 1830–1840 жылдары жүзеге асырыла бастады. Кейін 1900 жылдың 3 маусымында «сымсыз телеграф» ретінде сипатталған алғашқы радиодабыл дауысы берілді – бұл оқиға болашақта IoT-тың дамуына қажетті алғышарт болды. Ал компьютерлердің дамуы 1950 жылдардан басталды.

Интернет пен оның дамуы. IoT-тың негізгі элементтерінің бірі – интернет. Ол алғаш 1962 жылы АҚШ Қорғаныс министрлігінің DARPA жобасы ретінде басталып, 1969 жылы ARPANET желісіне айналды. 1980 жылдары ARPANET-ті коммерциялық ұйымдар да қолданысқа енгізіп, бұл қазіргі заманғы интернеттің негізі болды.

1993 жылы GPS (Жерсеріктік навигация жүйесі) іске қосылып, кейін жекеменшік жерсеріктер де пайдалануға берілді. Бұл – өнеркәсіптік IoT (ПоТ) жүйесінің дамуына жол ашты.

IoT идеясының қалыптасуы. IoT термині ресми түрде 1999 жылы енгізілгенімен, алғашқы мысалдар бұдан бұрын пайда болды. 1980 жылдары Carnegie Mellon университетінде орнатылған Coca-Cola автоматы интернет арқылы қосылып, пайдаланушылар сусынның бар-жоғын және суықтығын қашықтан тексере алатын еді.

MIT зертханасының директоры Кевин Эштон «Интернет Заттары» терминін алғаш Procter & Gamble компаниясына презентация кезінде қолданды. Ол адам ақпаратты жинауда шектеулі екенін айтып, егер құрылғылар деректерді өздері жинай алса, ысырап пен шығын азаяр еді деп тұжырымдады.

2000-жылдар және RFID. Кевин Эштон IoT-тың негізі ретінде RFID (радиожилік сәйкестендіру) технологиясын көрді. Ол барлық заттарды «таңбалау» арқылы құрылғыларды басқару, бақылау және түгендеуді автоматтандыруға болады деп есептеді.

2002–2003 жылдары Walmart және АҚШ Қорғаныс министрлігі RFID мен IoT-ты түгендеу жүйесіне енгізген алғашқы ірі ұйымдар болды.

Үйге арналған IoT құрылғысы — Ring. 2011 жылы Джейми Симинофф Ring есіктұтқасын жасап шығарды. Бұл құрылғы смартфонмен байланысып, қоңырау шалған адамды көрсетеді және дауыспен байланысуға мүмкіндік береді. IoT-тың тұрмыстық қолданыстағы сәтті мысалына айналды.

IPv6 және мекенжайлар кеңістігі. 2012 жылы ірі интернет провайдерлері мен веб-компаниялар IPv6 стандартына көшуге келісті. Бұл әлемдегі әрбір атомға бір IP-мекенжай беруге болатындай үлкен кеңістік жасады. Яғни, интернет мекенжайлары ешқашан таусылмайды.

«Ақылды» қалалар және сенсорлар. IoT арқылы қалалар энергияны үнемдейді, көлік қозғалысын реттейді және ластануды бақылайды. Швейцария 2012 жылы “Smart City Switzerland” жобасын бастап, 60-тан астам ақылды жоба іске қосты.

Ақылды қалаларда көлік қозғалысы бақыланады, ауа сапасы өлшенеді, ақылды бағдаршамдар мен тұрақ жүйелері жұмыс істейді, ақылды жарықтандыру мен ғимараттар біріктірілген жүйеде жұмыс істейді.

Өнеркәсіптік заттар интернеті (ПоТ). ПоТ – бұл өндіріс саласына арналған IoT. Онда ақылды сенсорлар мен атқарушы құрылғылар өндіріс жүйесімен біріктіріледі. Бұл өнімділікті, тиімділікті арттырады. ПоТ терминін 2012 жылы GE компаниясы енгізді.

Бұл салада технологиялар, робототехника және бұлттық есептеулер кеңінен қолданылады. Бұлттық сақтау (cloud storage) ПоТ дамуына негіз болды.

IoT – өмірдің бір бөлігі. 2013 жылға қарай IoT әртүрлі технологияларды біріктіріп, күнделікті өмірге енді – ұялы телефоннан бастап, ғимаратты

басқару жүйелеріне дейін. Денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, авиация сияқты салаларда да кеңінен таралды.

IoT және мобильді құрылғылар – 2015. Смартфондар IoT-тың бір бөлігіне айналып, маркетинг пен денсаулық сақтау салаларында кеңінен қолданылды. Сағаттар мен мобильді құрылғылар жүрек соғысы мен қан қысымын өлшеуге мүмкіндік берді.

Көліктер және IoT. Көліктерде орнатылған GPS, OBD және басқа сенсорлар арқылы көлік жағдайы, техникалық қызметі, маршруттар туралы деректер жиналады. Автономды көліктер бұлтты есептеуді пайдалана отырып, жол жағдайын, ауа райын, карталарды талдай алады.

Бірінші автономды көлік 1980 жылдары пайда болды. 2021 жылы May Mobility компаниясы пилоттық бағдарламасын іске қосты [1].

1.2 IoT архитектурасы мен негізгі компоненттерін талдау

IoT архитектурасының негізгі қабаттары:

1) Қабылдау (сезіну) қабаты (Perception Layer) – Қоршаған ортадан дерек жинайтын сенсорлар мен датчиктарды қамтиды. Бұл деңгей физикалық объектілерден ақпарат жинауға жауап береді. Датчиктер температура, ылғалдылық, қозғалыс сияқты параметрлерді тіркейді. Мысалы, зауыттағы датчиктер жабдықтың жағдайын бақылай алады.

2) Желілік қабат (Network Layer) – Wi-Fi, Bluetooth, немесе ұялы желі арқылы деректерді жеткізуді қамтамасыз етеді.

3) Edge есептеу қабаты – Деректерді бұлтқа жібермей, құрылғыға жақын жерде өңдеп, жылдам жауап беруді арттырады. Деректерді тікелей құрылғының жанында өңдеу, бұл жүйенің жауап беру уақытын қысқартады.

4) Өңдеу қабаты (Processing Layer) – IoT құрылғыларынан алынған үлкен көлемдегі деректерді сақтау және талдау орталығы. Пайдалы қорытындылар жасайды. Осы деңгейде ақпарат жасанды интеллект пен машиналық оқыту алгоритмдері арқылы талданады. Мысалы, жүйе жабдықтың істен шығуын алдын ала анықтай алады немесе энергия тұтынуды оңтайландырады.

5) Қолданбалы қабат (Application Layer) – Ақылды үйлер мен денсаулықты бақылау жүйелері сияқты қолданбаларды пайдаланушыларға ұсынады. Бұл деңгей пайдаланушыларға ақпаратпен жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

6) Қауіпсіздік қабаты (Security Layer) – Барлық деңгейде деректердің қауіпсіздігін сақтау үшін шифрлау мен аутентификация әдістерін қолданады.

Архитектураның негізгі компоненттері:

1) Құрылғылар – Деректерді жинап, жауап қайтаратын сенсорлар мен датчиктер.

2) Байланыс (Connectivity) – MQTT, CoAP сияқты протоколдар және Wi-Fi, ұялы желі сияқты технологиялар арқылы деректер алмасу, тасымалдау.

3) Деректерді басқару – Деректерді сақтау, өңдеу және машиналық оқыту арқылы талдау.

4) Пайдаланушы интерфейсі – Деректерді бақылап, басқаруға мүмкіндік беретін бақылау тақтасы мен қосымшалар.

Заттар интернеті (IoT) салаларды қайта құрып жатыр, бірақ бұл технологияны тиімді енгізу үшін белгілі бір архитектуралық қиындықтарды ескеру қажет. Олардың шешімі – дұрыс жобалау және жаңа технологиялық бағыттардан хабардар болу. IoT архитектурасындағы басты қиындықтар – құрылғылар саны күннен-күнге артып келе жатқандықтан, жүйенің өнімділігі мен тұрақтылығын сақтау күрделене түсуде. Өртүрлі өндірушілердің құрылғыларын бір жүйеге біріктіру, яғни үйлесімділік (интероперабельдік) те маңызды мәселе болып отыр.

Қауіпсіздік – әрдайым өзекті тақырып. IoT жүйелерінің кең таралғандығы оларды кибер шабуылдарға осал етеді, сондықтан қауіпсіздік шаралары жүйенің әр қабатында қамтамасыз етілуі керек. Сонымен қатар, деректердің үлкен көлемі мен жоғары кідіріс (латенттілік) жүйенің жауап беру қабілетіне әсер етеді.

IoT жүйесін жобалаудағы үздік тәжірибелер. Бұл қиындықтарды шешу үшін модульдік жобалау мен шеткі есептеу кеңінен қолданылады. Модульдік тәсіл икемділік береді, ал шеткі есептеу деректерді жақын жерде өңдеп, кідірісті азайтады. «Қауіпсіздік жобалау кезеңінен басталуы тиіс» деген ұстаным жүйенің сенімділігін арттырады. Стандартталған протоколдарды қолдану мен тұрақты жаңартулар үйлесімділік пен қауіпсіздікті нығайтады.

IoT жүйесін енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады:

1) Қосылған құрылғылар: Сенсорлар мен датчиктер ортаның күйін өлшейді және өзгерістерді тіркейді.

2) Интернет-шлюз: Аналогтық сигналдарды цифрлық форматқа түрлендіріп, желі арқылы жіберу үшін қажет.

3) Edge IT жүйелері: Жергілікті деңгейде деректерді өңдеу және алғашқы аналитика жүргізу арқылы орталық инфрақұрылымға түсетін жүктемені азайтады.

4) Бұлттық сақтау және деректер орталықтары: Қорытынды өңдеу, талдау және есеп беру процесі жүзеге асады. Бұл кезеңде қауіпсіздік, деректердің құпиялылығы және жүйелік басқару аса маңызды рөл атқарады.

2024 жылғы жаңа үрдістер:

а) AI интеграциясы. Болжамдық талдаулар мен автоматтандыруды жетілдіреді.

ә) 5G желілері. Жоғары жылдамдықты, аз кідірісті байланыс ұсынады.

б) Blockchain. Қауіпсіздік пен сенімділікті арттырады.

в) Edge Computing. Нақты уақыттағы өңдеуді жақсартады.

г) Стандарттау. Жүйелер арасындағы үйлесімділікті жеңілдетеді.

IoT архитектурасы қауіпсіз, икемді және келешекке бағытталған болуы тиіс. Жасанды интеллект, 5G және blockchain сынды технологияларды енгізу арқылы компаниялар IoT әлеуетін толық пайдалана алады.

IoT платформасын таңдағанда мыналарға назар аудару қажет:

- Масштабталу мүмкіндігі және басқа жүйелермен біріктіру ыңғайлылығы.

- Деректерді сенімді тасымалдау және әртүрлі желілік протоколдарды қолдау.

- Ақпараттық қауіпсіздік деңгейі.

IoT архитектурасы – күрделі, көпқабатты және жоғары технологиялық жүйе. Оның дұрыс жобалануы мен іске асырылуы цифрлық трансформация мен автоматтандырудың негізі болып табылады. Ақпаратты тиімді басқару, нақты уақыттағы деректерді өңдеу және қолданушыға бағытталған шешімдерді ұсыну – IoT жүйесінің табысты жұмыс істеуінің негізгі факторлары. Алдағы уақытта бұл технология жаңа салаларға еніп, ғылыми және өндірістік процестерді оңтайландыруда маңызды орын алатыны сөзсіз [2].

1.3 IoT технологияларының өнеркәсіптік және тұрмыстық салаларда қолданылуы

Қазіргі таңда көптеген өндірістік және тұрмыстық жүйелерде бақылау, мониторинг және басқару жұмыстары әлі де қолмен орындалады немесе толық автоматтандырылмаған. Бұл өз алдына адам қателігіне, ресурстардың шығынына, жүйенің уақытылы жұмыс істемеуіне немесе ақауларды кеш анықтауға түрткі болады және сәйкесінше энергия мен уақытты көп қажет етеді. Мысалы, өндіріс орындарында жабдықтардың істен шығуын оператор кеш байқаса, бұл өнімнің тоқтап қалуына және экономикалық шығындарға әкелуі мүмкін. Тұрмыста да, мысалы, үй температурасын қолмен реттеу немесе азық-түлік сақталуын бақылау тағамның бұзылуына, энергия шығынының артуына әкеледі. Осы сияқты көптеген мәселелердің шешімі IoT технологияларын енгізу арқылы автоматтандыру және нақты уақыттағы бақылау жүйесін қалыптастыру болды. Бұл технология құрылғыларды интернетке қосу арқылы, оларды нақты уақытта бақылауға, басқаруға және мәліметтерді автоматты түрде жинап, өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл технология адам араласуын азайтады, процестерді жеделдетеді, деректер негізінде нақты шешімдер қабылдауға жол ашады, ресурстарды тиімді пайдаланып, шығынды азайтуға көмектеседі.

Бүгінде IoT-тың кеңінен қабылданған анықтамасы – өздігінен конфигурацияланатын мүмкіндіктері бар, стандартты және үйлесімді байланыс протоколдарына негізделген, жаһандық динамикалық желі инфрақұрылымы, онда физикалық және виртуалды «заттар» өздерінің

физикалық сипаттамаларына ие болып, интеллектуалды интерфейстерді пайдалана отырып, ақпараттық желіге біріктіріледі. Атап айтқанда, датчиктер немесе атқарушы құрылғылар, RFID белгілері және байланыс технологияларының интеграциясы – IoT негізі болып табылады және әртүрлі физикалық объектілер мен құрылғылардың интернетке қосылуын және олардың бірлесіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

IoT-тың өнеркәсіптік және тұрмыстық қолдану салаларындағы мүмкіндіктері жыл сайын артып келеді. Зауыттарда, фермаларда, ауруханаларда, үйлерде – барлығында дерлік «ақылды» құрылғылар мен сенсорлар қолданыла бастады. Бұл бөлімде IoT технологиясының мәні ашылып, оның әртүрлі салаларда қалай қолданылып жатқаны, артықшылықтары мен кездесетін мәселелері қарастырылады.

IoT – бұл сезгіш, байланыс, желілік және ақпаратты өңдеу технологияларына негізделген көптеген құрылғылардан тұратын жаһандық желілік инфрақұрылым ретінде қарастырылады. IoT-тың негізгі технологияларының бірі – RFID, ол микрочиптердің сымсыз байланыс арқылы мәліметтерді оқу құрылғысына жіберуіне мүмкіндік береді. RFID оқырмандардың көмегімен RFID белгісі бар кез келген затты автоматты түрде сәйкестендіріп, қадағалап және бақылауға болады. Бұл технология 1980-жылдардан бері логистикада, фармацевтикалық өндірісте, бөлшек саудада және жеткізу тізбегін басқаруда кеңінен қолданылып келеді.

IoT-тың тағы бір негізгі технологиясы – сымсыз сенсорлық желілер (WSN), олар ақылды сенсорлар арқылы қоршаған ортаны бақылау, денсаулық сақтау, өнеркәсіптік мониторинг және жол қозғалысын бақылау сияқты салаларда қолданылады. RFID және WSN салаларындағы жетістіктер IoT дамуына зор үлес қосты. Сонымен қатар, штрих-кодтар, смартфондар, әлеуметтік желілер мен бұлттық есептеулер сияқты көптеген басқа технологиялар да IoT-ты қолдауға арналған кең желіні құруда қолданылады.

Бүгінгі таңда логистика, өндіріс, бөлшек сауда және фармацевтика салаларында IoT-қа қызығушылық артып келеді. Сымсыз байланыс, смартфондар және сенсорлық желілердің дамуы нәтижесінде IoT-қа көбірек «ақылды» құрылғылар қосылып жатыр. Бұл технологиялар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен кәсіпорын жүйелеріне де үлкен әсер етті.

Қолданушыларға сапалы қызмет көрсету үшін IoT-тың техникалық стандарттарын әзірлеу қажет. Бұл стандарттар заттар арасындағы ақпарат алмасу, өңдеу және байланыс спецификацияларын анықтайды. IoT-тың сәтті дамуы стандарттау жұмысына байланысты, өйткені бұл үйлесімділікке, сенімділікке және тиімділікке мүмкіндік береді. Көптеген елдер мен ұйымдар IoT стандарттарын әзірлеуге қызығушылық танытып отыр, себебі бұл болашақта үлкен экономикалық пайда әкелуі мүмкін.

Қазіргі уақытта Халықаралық электр байланыс одағы, Халықаралық электротехникалық комиссия, Халықаралық стандарттау ұйымы, IEEE, Еуропалық электротехникалық стандарттау комитеті, Қытайдың электроника

стандарттау институты және Америкалық ұлттық стандарттар институты сияқты көптеген ұйымдар әртүрлі IoT стандарттарын әзірлеумен айналысып жатыр. Осы көптеген ұйымдардың арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ету үшін, халықаралық және аймақтық стандарттау ұйымдарының арасындағы қатынастарды реттейтін күшті басқару қажет.

Кеңінен қабылданған стандарттарды орнату арқылы әзірлеушілер мен пайдаланушылар ауқымды түрде қолдануға болатын IoT қолданбалары мен қызметтерін жүзеге асыра алады, сонымен қатар бұл ұзақ мерзімді дамуға және қызмет көрсету шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. IoT технологияларын стандарттау бұл технологиялардың кеңінен таралуына және инновациялардың дамуына жол ашады.

Қытай IoT – ты маңызды сала ретінде қарастырып, бұл салаға 2015 жылға дейін 800 миллион доллар инвестиция салуды жоспарлады. Қытай халықаралық стандарттарды әзірлеуде жетекші рөл атқаруды көздейді. АҚШ–та IBM және ITIF (Ақпараттық технологиялар және инновациялар қоры) 2009 жылы IoT дәстүрлі физикалық және ақпараттық инфрақұрылымды жақсартудың тиімді жолы болатынын және өнімділік пен инновацияға оң әсер ететінін мәлімдеді. Жапония 2008 жылы u–Japan, ал 2009 жылы i–Japan стратегияларын қабылдап, IoT–ты күнделікті өмірде қолдануға бағытталған. IoT қолданбалары әлі даму сатысында болғанымен, оны қолдану ауқымы тез өсіп келеді. IoT келесі салаларда кеңінен енуде:

1) Денсаулық сақтау саласында қолдану. IoT адам, құрал-жабдық, дәрі-дәрмек сынды объектілерді бақылап отыруға мүмкіндік береді. Пациенттің жүрек соғысы сияқты деректерді сенсор арқылы жинап, дәрігерге жібере алады. Мобильді құрылғылар мен интернетті қолдану арқылы денсаулық сақтау қызметтері автоматтандырылған болады. Дегенмен, деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы – басты мәселе болып табылады.

2) Азық-түлік жеткізу тізбегінде қолдану. Азық-түлік өндірісі – күрделі әрі кең таралған жүйе. IoT технологиялары бұл салада өнімді бақылауға, сапаны арттыруға, қалдықтардың азаюына және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл саладағы жүйе үш бөліктен тұрады:

а) өрістегі құрылғылар (RFID, сенсорлар);

ә) шеткі жүйе (серверлер, дерекқорлар);

б) байланыс инфрақұрылымы (WiFi, ұялы байланыс, спутник).

IoT арқылы жиналған деректер үлкен деректер талдауы (Big Data Analytics) арқылы шешім қабылдауды жақсарты алады.

3) Тау–кен өндірісінде қауіпсіздік үшін IoT қолдану. Жер астындағы жұмыс жағдайы қауіпті екені бәрімізге мәлім. RFID, WiFi және сенсорлар арқылы жұмысшылардың орнын бақылауға, апаттарды алдын алып, уақытылы ескертуге болады. Химиялық және биологиялық сенсорлар қауіпті газдарды немесе ауру белгілерін ерте анықтауға көмектеседі. Алайда, сымсыз құрылғылардың жарылыс қаупі бар, сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қосымша зерттеулер мен жұмыстар қажет.

4) Көлік және логистикада IoT қолдану. IoT физикалық объектілерді нақты уақытта бақылауға, тасымалдауды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Мысалы, BMW-нің iDrive жүйесі сенсорлар арқылы көлік орнын және жол жағдайын бақылап, навигация қызметін атқарады. IoT болашақта автоұшқыш жүйелерінің дамуына ықпал етеді.

5) Өрт сөндіруде IoT қолдану. Қытайда RFID тегтері мен штрих-кодтар арқылы өрт сөндіру құралдарының деректер базасы жасалып жатыр. Сенсорлар мен бейнебақылау арқылы өртке ерте ескерту беру жүйелері енгізілуде. Ji және Qi ұсынған IoT инфрақұрылымы бес қабаттан тұрады: сенсорлық қабат, жіберу қабаты, қолдау қабаты, платформа қабаты және қолданбалар қабаты.

IoT технологиялары мен қолданбалары әлі даму кезеңінде екендігі кеңінен мойындалған. Өнеркәсіптік салада бұл технологияны қолдануға байланысты көптеген зерттеу мәселелері бар, олар: технология, стандарттау, қауіпсіздік және деректердің құпиялылығы. Бұл мәселелерді шешіп, әртүрлі салалардың ерекшеліктерін терең зерттеу арқылы IoT құрылғыларын өндірістік ортаға тиімді бейімдеу қажет. IoT – ты кең көлемде енгізу үшін, алдымен өнеркәсіптің ерекшеліктерін, шығындар, қауіпсіздік, құпиялылық және тәуекел сияқты факторлар бойынша талаптарын толық түсіну керек.

Болашақта мына бағыттарда зерттеулер қарастырылмақ:

1) IoT пен әлеуметтік желілерді біріктіру. IoT құрылғылары арасындағы байланысты арттыру үшін әлеуметтік желілерді қолдануға қызығушылық артып келеді. Atzori және әріптестері ұсынған Social Internet of Things (SIoT) концепциясы осы бағытта дамуда. IoT жаңа деңгейге – Web of Things (Заттар желісі) бағытында дамып келеді.

2) Жасыл IoT технологияларын дамыту. Миллиардтаған сенсорлардың жұмыс істеуі көп энергияны қажет етеді. Энергияны үнемдейтін шешімдер мен құрылғыларды жобалау – басты мақсаттардың бірі.

3) Контекстке сезімтал IoT middleware шешімдерін жасау. Миллиардтаған сенсорлардан келетін деректерді адам қолмен өңдей алмайды. Контекстке сезімтал есептеу (context-aware computing) технологиялары мен middleware шешімдері сенсорлық деректерді түсінуге және қай деректі өңдеу керектігін анықтауға көмектеседі.

4) Жасанды интеллект (AI) көмегімен интеллектуалды құрылғылар жасау. IoT құрылғыларына жасанды интеллект енгізу арқылы олар өздігінен конфигурацияланатын, оңтайландырылатын, қорғанатын және қалпына келетін «ақылды объектілерге» айналады.

5) IoT пен бұлттық есептеуді біріктіру. Бұлттық технологиялар құрылғыларды интернет арқылы біріктіруге мүмкіндік береді. Зерттеулер «сезіну қызметін бұлт арқылы ұсыну» (sensing as a service) моделін дамытуға бағытталуда.

Күрделі кибер-физикалық жүйе ретінде Интернет заттар (IoT) – тану, сезіну, өңдеу, байланыс және желілік мүмкіндіктермен жабдықталған әртүрлі құрылғыларды біріктіреді. Әсіресе, сенсорлар мен атқарушы құрылғылар

барған сайын қуатты, арзан әрі шағын бола түсуде, бұл олардың кеңінен қолданылуына жол ашуда. Өнеркәсіп салалары IoT құрылғыларын өндірістік қолданбаларда – мысалы, автоматтандырылған бақылау, басқару, қадағалау және техникалық қызмет көрсету үшін енгізуге үлкен қызығушылық танытуда. Технология мен өндірістік инфрақұрылымның жедел дамуына байланысты, IoT жүйелері өндірісте кеңінен қолданылуы мүмкін. Мысалы, азық-түлік өнеркәсібі сапаны бақылау мен қадағалау жүйесін құру үшін WSN (сымсыз сенсорлық желі) және RFID (радиожиілікпен сәйкестендіру) технологияларын біріктіріп, тағам сапасын жеткізу тізбегі бойынша автоматты түрде бақылауға кірісті [3–4].

1.4 IoT-тың азық-түлік сапасын бақылаудағы рөлі

Азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету – қазіргі заманғы қоғам үшін аса маңызды мәселелердің бірі. Өнімнің сапасы мен жарамдылығы көбіне оның сақталу және тасымалдану жағдайларына байланысты. Температура, ылғалдылық, газ құрамы, жарық, діріл секілді факторлар тағамның бұзылуына әсер етеді. Соңғы жылдары бұл проблемаларды шешу мақсатында Интернет заттары технологиялары кеңінен қолданылуда. IoT құрылғылары арқылы нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізу азық-түлік сапасын жоғалтпай, шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

IoT технологиялары азық-түлік сапасын бақылауда маңызды рөл атқарады. Әртүрлі датчиктер мен жүйелерді қолдану арқылы өнімнің физикалық және химиялық параметрлерін нақты уақытта бақылауға болады. Мұндай технологиялар өнімнің сапасын жақсартуға, адам еңбегін жеңілдетуге және тамақ қалдықтарын азайтуға ықпал етеді. Зерттеушілердің еңбектері көрсеткендей, IoT шешімдерін дұрыс таңдап және біріктіру арқылы тиімді және үнемді экожүйе құруға болады. Әсіресе ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі және логистика салаларында бұл технологиялардың қолданылу аясы кеңейіп келеді.

Осы тақырып аясында көптеген авторлар өз еңбектерінде бірнеше әдістерді қарастырған.

Mukhopadhyay және оның әріптестері өз еңбектерінде температура мен ылғалдылықты бақылауға арналған интеллектуалды сенсорлық жүйе ұсынған. Олар DHT22 датчигін пайдаланып, IoT платформасы арқылы деректерді шынайы уақытта жинақтап, талдауға мүмкіндік береді. Жүйе бұзушылықтарды анықтап, нақты уақыт режимінде операторға хабар жібереді. Бұл тәсіл өнімнің сақтау мерзімін ұлғайтып, тасымалдау кезінде сапаның сақталуын қамтамасыз ететінін көрсетеді [5].

2019 жылы Aazam және әріптестері Fog computing пен IoT-ты біріктіру арқылы азық-түлікке қатысты шешімдерді шекаралық есептеу негізінде өңдеуді ұсынған. Бұл модель желіге түсетін жүктемені азайтып, уақытша

кідірістерді қысқартады және тез жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әсіресе логистика және тарату орталықтарында тиімді болып шықты [6].

2020 жылы Kumar азық-түліктің газдық құрамына назар аудара отырып, MQ4 және MQ135 сияқты газ датчиктерімен жабдықталған IoT жүйесін әзірледі. Жүйе ауадағы метан және көмірқышқыл газының деңгейін бақылап, қауіпті концентрация байқалған кезде автоматты түрде салқындату немесе желдету жүйесін қосады. Бұл әдіс ішкі ортаның тұрақтылығын сақтап, бұзылу ықтималдығын төмендетеді [7].

2021 жылы Cheng және оның ғылыми тобы RFID технологиясы мен IoT жүйесін біріктіріп, өнімді сақтау мен тасымалдауда blockchain негізінде сенімділік пен қадағалау мүмкіндігін арттырған. Олар өнімнің логистикасынан бастап тұтынушыға дейінгі барлық жолын тіркеп отыру арқылы азық-түліктің қауіпсіздігін дәлелдейтін жүйе әзірлеген [8].

Осы зерттеулер салыстырмалы түрде 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте – Салыстырмалы талдау

Авторлар	Датчиктер / Технология	Негізгі бағыт	Артықшылықтары	Шектеулері
Mukhopadhyay et al. (2017)	DHT22	Температура мен ылғалдылық	Қарапайым әрі сенімді жүйе	Газ көрсеткіштері есепке алынбайды
Kumar et al. (2020)	MQ4, MQ135	Газ деңгейін бақылау	Қауіпсіздікке бағытталған, автоматты басқару	Кешіктірілген желі жағдайында тиімділігі төмен
Aazam et al. (2019)	Fog+IoT	Шекаралық есептеу, логистика	Желі жүктемесі азаяды, жылдамдық жоғары	Құрылғылардың күрделілігі мен бағасы жоғары
Cheng et al. (2021)	RFID + Blockchain	Қадағалау мен сенімділік	Толық қадағалау, тұтынушыға сенімділік	Инфрақұрылымдық шығын көп

Азық-түлік өнімдерін сақтау және тасымалдау азық-түлікті жеткізу тізбегінің сегментіндегі маңызды кезең болып табылады және осы кезеңдердегі тағамның қауіпсіздігі мен сапасы аса маңызды. Температура мен газ деңгейі сақтау кезінде тағамның қауіпсіздігі үшін пайдалы екі маңызды параметр болып табылады. Сақтау қондырғыларындағы температура мен газ деңгейін бақылаудың дәстүрлі әдістері көп уақытты қажет етеді және қателіктерге бейім. Оның үстіне, бұл әдістер нақты уақыттағы мониторинг пен бақылауды қамтамасыз етпейді, бұл бұзылуға, ысырапқа және азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

Соңғы жылдары азық-түлік бизнесінде IoT технологиясын қолдануға үлкен көңіл бөлінуде. IoT құрылғылары азық-түлік өнімдерін бүкіл жеткізу тізбегінде, шаруашылықтан дастарханға дейін бақылауға мүмкіндік береді.

IoT технологиясы өндіріс процесін оңтайландыруға, өнім сапасын арттыруға және азық-түлік қалдықтарын азайтуға көмектеседі. Азық-түлік өнеркәсібінде IoT қолданылуының мысалына азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын бақылау кіреді. Азық-түлік бұзылуы мен тағамнан туындайтын аурулар азық-түлік өнеркәсібіндегі басты мәселелер болып табылады. Азық-түлік бұзылуы, өнімдер қолайсыз жағдайларға, мысалы, жоғары температура, ылғалдылық және оттегіге ұшырағанда орын алады. Қазақта ауру-астан деген сөз бар. Дұрыс сақталмаған көкөністер мен жемістер, пайдалы қасиеттерін жоғалтып, зиянды бактерияларды бөледі. Тағамнан туындайтын аурулар ластанған азық-түлік өнімдерін тұтынудан пайда болады. IoT технологиясын пайдалану азық-түлік өнімдерін бақылауға және бұзылу мен ластануға әкелуі мүмкін қауіптерді анықтауға көмектеседі. Температура мен газ деңгейлері – бұл азық-түліктің қауіпсіздігі мен сапасына әсер ететін негізгі факторлар. Сақтау орындарында температура мен газ деңгейлерін бақылаудың дәстүрлі әдістері көп уақытты алады және қателіктерге бейім. Заттар Интернеті (IoT) технологияларының дамуы сақтау жағдайларын нақты уақыт режимінде бақылау және басқару үшін жаңа мүмкіндіктер ашты [9].

Интернет заттары (IoT) технологиялары азық-түлік жеткізу тізбегінің әрбір кезеңінде нақты уақыт режимінде деректер жинауға мүмкіндік береді – егістіктен бастап тұтынушының үстеліне дейін. Бұл деректер өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын сақтап қалуда маңызды рөл атқарады. Датчиктер мен байланысқан құрылғылар температураны, ылғалдылықты және қоршаған ортаның басқа да параметрлерін үздіксіз бақылап отырады, бұл өнімдердің дұрыс сақталуы мен тасымалдануын қамтамасыз етеді.

Мысалы, егер тоңазытқыш жүйесінің температурасы рұқсат етілген шектен төмендесе немесе жоғарыласа, IoT жүйесі логистикалық қызметкерлер мен жүргізушіге дереу хабарлама жібереді. Бұл ақауды ерте анықтап, оны шешуге мүмкіндік береді және тағамның бұзылып кету қаупін азайтады.

Төменде азық-түлік саласында Интернет заттарын қолдану мысалдары көрсетілген:

1) Салқындатылған тізбекті басқару:

а) Температураны бақылау. IoT датчиктері бұзылуы оңай өнімдердің бүкіл жеткізу тізбегіндегі температурасын бақылайды – сақтау орнынан бастап соңғы жеткізуге дейін.

ә) Жедел хабарламалар. Температура қалыпты деңгейден ауытқыса, жүйе бірден ескерту жасап, қызметкерлердің шұғыл әрекет етуіне жағдай жасайды.

б) Болжамдық қызмет көрсету. Деректерді талдау арқылы жүйе жабдық ақауларының алдын ала болуын болжай алады, бұл тоқтап қалу уақытын азайтады және өнімнің бұзылу қаупін төмендетеді.

2) Жеткізу тізбегін оңтайландыру:

а) Қор деңгейін бақылау. IoT датчиктері қоймадағы өнім көлемін нақты уақыт режимінде өлшей алады, бұл қорларды артық немесе жетіспеушіліктен қорғауға көмектеседі.

ә) Сұранысты болжау. Сату деректерін және нарықтық тенденцияларды талдау арқылы кәсіпорындар өндіріс пен тарату шешімдерін дәл қабылдай алады.

б) Жеткізу бағыттарын оңтайландыру. IoT логистика жүйелері көлік маршруттарын тиімді ұйымдастырып, жанармай шығынын және тасымалдау уақытын азайта алады.

3) Өнім сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

а) Өнімнің ізін қадағалау. Азық-түлік өнімінің жолын – қайдан шыққаны, қалай жеткізілгені және кімге жеткенін – нақты анықтауға болады. Бұл қажет болған жағдайда өнімді тез қайтарып алуға мүмкіндік береді.

ә) Ластануды анықтау. Датчиктер тағам құрамында зиянды заттар – мысалы, бактериялар мен пестицидтер – бар-жоғын анықтай алады.

б) Азық-түлік алаяқтығының алдын алу. IoT арқылы жалған немесе сапасыз өнімдерді анықтап, тұтынушылар мен өндірушілерді қорғауға болады. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде IoT құрылғылары ерекше маңызға ие. Олар жеткізу тізбегіндегі барлық деректерді жинап, өндеуге жағдай жасайды.

в) Температура және ылғалдылық датчиктері. Бұл құрылғылар өнімдердің сақталу жағдайын бақылап, температура немесе ылғалдылық шектен шыққанда бірден хабарлама жібереді. Мысалы, SenseCAP сымсыз датчигі осы мақсатта жиі қолданылады.

г) Газ датчиктері. Мұндай құрылғылар өнімдердің бұзылу ықтималдығын анықтау үшін ауадағы газ құрамын бақылайды (мысалы, жемістерден бөлінетін этилен). ALLTAR газдық датчигі – осындай құрылғылардың бірі.

IoT құрылғыларының тиімді жұмыс істеуі үшін олар арасындағы тұрақты және сенімді байланыс қажет. Ең көп қолданылатын байланыс түрлеріне тоқталайық.

Ұялы байланыс:

а) 4G/5G. Жоғары жылдамдықты және кең ауқымды қамту мүмкіндігі бар, шалғай аймақтарға өте тиімді.

б) NB-IoT. Төмен қуатты және батареямен жұмыс істейтін құрылғылар үшін қолайлы.

с) LTE-M. IoT-қа бейімделген, энергия үнемдеуші әрі үнемді нұсқа.

Сымсыз байланыс:

а) Wi-Fi. Ішкі кеңістіктерде (қойма, цех) жиі қолданылады.

б) Bluetooth. Жақын арадағы құрылғылар арасында байланыс орнату үшін.

с) LoRaWAN. Ұзақ қашықтықта және төмен қуатпен жұмыс істеуге арналған.

Спутниктік байланыс:

а) Спутниктік жүйелер. Ұялы байланыс жоқ алыс фермаларда немесе ауылдық жерде сенімді мәлімет жіберуге жағдай жасайды [10].

Қазіргі IoT негізіндегі азық-түлікті мониторингтеу жүйелері азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын бақылауды жақсарту үшін бірнеше IoT негізіндегі азық-түлікті мониторингтеу жүйелері әзірленді. Бұл жүйелер азық-түлік өнімдерін бүкіл жеткізу тізбегінде бақылау үшін датчиктер, RFID таңбалары және ақылды жапсырмалар сияқты IoT құрылғыларын пайдаланады. Қазіргі кезде бар IoT негізіндегі азық-түлікті мониторингтеу жүйелерінің мысалдарына FreshSurety, Cold Chain Technologies және FoodLogiQ жатады. Бұл жүйелер операциялық тиімділікті арттыруға, шығындарды азайтуға және өнім сапасын жақсартуға көмектесетіні дәлелденген. Алайда, одан әрі зерттеулер жүргізу және IoT негізіндегі азық-түлікті мониторингтеу жүйелерін жетілдіру қажеттілігі әлі де бар.

IoT технологиясының азық-түлік өнімдерін бақылаудағы негізгі функциялары:

- Температура мен ылғалдылықты бақылау;
- Геолокация арқылы өнімдердің қозғалысын қадағалау;
- Қауіпті жағдайларда ескерту сигналдарын беру;
- Деректерді бұлттық серверлерде сақтау және өңдеу.

1.2-кесте – Қолданыстағы жүйелерге шолу және оларды салыстыру

Жүйе атауы	Мүмкіндіктері	Бағасы	Артықшылықтары	Кемшіліктері
CoolChain	Температура, ылғалдылық, GPS	Жоғары	Нақты уақыттағы бақылау	Қымбат
FreshSure	Температура, QR кодтар	Орташа	Қарапайым интерфейс	GPS жоқ
AgroMonitor	Температура, ылғалдылық, GPS	Төмен	Төмен баға	Шектеулі функционал
SmartTrack	Температура, ылғалдылық, газ анықтау	Жоғары	Толық функционалды жүйе	Қымбат

CoolChain жүйесі азық-түлік өнімдерінің тасымалдану кезінде температура мен ылғалдылық параметрлерін нақты уақыт режимінде бақылауды қамтамасыз етеді. Оның бұлттық серверлері арқылы деректерді талдау мүмкіндігі бар. Қосымша функциялар ретінде геолокация арқылы жүктердің қозғалысын бақылау және апаттық жағдайларда ескерту жүйесін қамтиды.

FreshSure жүйесі азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімін бақылау үшін QR-код технологиясын қолданады. Бұл жүйе арзан әрі қолдануға ыңғайлы интерфейсмен ерекшеленеді, бірақ GPS функционалдылығының жоқтығы оның қолдану аясын шектейді.

AgroMonitor жүйесі ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және тасымалдау үшін қолданылады. Бұл жүйе төмен баға мен қарапайым функционалдығымен ерекшеленеді. Дегенмен, оның мүмкіндіктері шектеулі және тек базалық қажеттіліктерді қамтамасыз етеді.

SmartTrack жүйесі азық-түлік өнімдерін кешенді мониторингілеу үшін қолданылады. Бұл жүйе температура, ылғалдылық, газ концентрациясын анықтау сияқты функцияларды қамтиды. Сонымен қатар, GPS арқылы өнімдердің қозғалысын қадағалау және бұлттық серверлерде деректерді сақтау мүмкіндігі бар [11–12].

Жүйелерді салыстыру нәтижесінде SmartTrack жүйесі ең үздік болып анықталды. Оның функционалдығы мен кеңейтілген мүмкіндіктері азық-түлік өнімдерінің сапасын жоғары деңгейде бақылауға мүмкіндік береді. Бірақ, оның жоғары бағасы шағын және орта бизнес үшін, қарапайым адамдар үшін қиындық туғызуы мүмкін. Сол үшін де арзан және жоғары дәлдікпен ақпарат беретін жүйені ұсынамын.

2 Азық-түлік өнімдерінің сапасын қашықтықтан бақылауды жобалау және оның аппараттық-құрамдас бөліктерін талдау

2.1 IoT технологиясының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты - нақты уақыт режимінде бақылау және бақылау жүйелері арқылы өнімдер қауіпсіздігін арттыру, зиянды бактериялардың көбеюін болдырмау үшін IoT технологиясын енгізуді ұсыну. IoT құрылғылары, датчиктері және деректер аналитикасын пайдаланып, өнімдердің қауіпсіздігін басқаруда кешенді және алдын ала әрекет ету тәсілін құруға тырысу. Негізгі мақсаттар мыналарды қамтиды:

1) Сақтау кезеңінде температура, ылғалдылық, зиянды газдар сияқты маңызды параметрлерді үздіксіз бақылау үшін IoT сенсорлары мен құрылғылар желісін әзірлеу.

2) IoT датчиктерінен нақты уақыт режиміндегі деректер ағындарын талдау, үрдістерді анықтау, тағам қауіпсіздігіне қатысты ықтимал қауіп-қатерлерді алдын ала болжау үшін деректер талдау алгоритмдерін пайдалану.

3) IoT деректерінің талдауы негізінде жағдайларды реттеу, өндірістік үдерістерге араласу үшін автоматтандырылған бақылау механизмдерін енгізу, өнімдер қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мәселелерді болдырмау немесе жеңілдету.

IoT негізіндегі нақты уақыт режиміндегі бақылау және бақылау жүйелерін сәтті енгізу мынадай оң нәтижелерге әкеледі деп күтілуде:

1) Қауіпсіздік стандарттарын арттыру. IoT жүйелері арқылы өнімдер қауіпсіздігінің ықтимал тәуекелдерін алдын ала анықтап, жеңілдету жалпы қауіпсіздік стандарттарын едәуір жақсартуы мүмкін.

2) Зиянды жағдайларды азайту. Нақты уақыт режимінде бақылау және болжау аналитикасы инфекцияның пайда болуын барынша азайтып, тамақ аурулары мен өнімді бұзылу ықтималдығын төмендетеді.

3) Жұмыстың тиімділігін арттыру және қаражатты үнемдеу. IoT технологиясымен мониторинг және бақылау процестерін автоматтандыру операцияларды оңтайландырып, қолмен араласуды азайтып, ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етеді, бұл өндірушілер мен азық-түлік дистрибьюторларына тиімділік пен үнемділікті әкеледі.

4) Тұтынушылардың сенімі. Өнімдердің қауіпсіздігін арттырудың озық шараларын көрсету арқылы компаниялар тұтынушылардың сенімін арттырып, өнімдеріне деген сенімділікті күшейте алады, бұл кез келген азық-түлік брендтерінің беделін жақсартады және нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Өнімдер қауіпсіздігін нығайту қажеттілігін ескере отырып, өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты уақыт режимінде маңызды параметрлерді бақылау мақсатында IoT негізіндегі жүйені енгізу ұсынылады. Бұл жүйе азық-түлік жеткізу тізбегінде қоршаған орта жағдайларын және

ықтимал қауіптерді үнемі бақылау мен бағалау үшін сенсорлық технологиялар, деректер аналитикасы үйлесімін қолданады.

2.2 Жүйенің аппараттық және бағдарламалық архитектурасы

